



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

Қорытындылай келе, білім беруге кететін бюджет шығындарын жетілдіру бойынша ұсыныстар білдіреміз, мониторинг жүргізу, қаржыландыру нәтижелерін бағалау, жаңа стратегиялар мен бағыттар әзірлеу. Осылар арқылы бюджеттен бөлінетін қаржыларды тиімді жоспарлап, қажетті бағыттарға бөлу арқылы сол тұстарды дамытып, елдегі білім беру жүйесінің сапасының артуына ықпал ете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алматы облысының білім басқармасының ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-bilim/about?lang=kk>
2. ҚР Әділет министрлігінің ресми сайты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18D0004975>
3. Алматы облысы бойынша Тексеру комиссиясының ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-revcomkz/documents/1?lang=kk>
4. Алматы облысының әкімдігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu/documents/details/183973?lang=kk>
5. Интернет ресурсы https://www.myuniversity.ru/Экономика/Зарубежный_опыт_финансирования_общего_образования/16781_696456_страница2.html

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ АУДИТІ

Аманжан С., Дагылова А.Е.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: adagilova@inbox.ru simb02@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа. Мақаланың мақсаты Алматы облысының денсаулық сақтаудың шығындарының құрылымын, қалай қалыптасады және басқа облыстарға қарағанда қалай өзгергендігін талдау және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен азаматтардың денсаулық деңгейін көтеру болып табылады. Зерттеу өзектілігі тиімді қаржыландырудың арқасында, сөзсіз, халықтың көптеген мәселелерін шешіп, адамдардың өмір сапасын едәуір жақсарту. Зерттеу барысында соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер зерттелді. Зерттеу нәтижесінде Алматы облысының денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды жетілдіру жолдары көрсетіліп, қорытынды ой-пікір жазылды.

Түйінді сөздер: денсаулық сақтау, кіріс, шығыс, ішкі аудит, бюджет, медицина, шет ел, басқарма, бұзушылық, қаржы, департамент, ақша қаражаты.

Аннотация. Целью статьи является повышение уровня здоровья граждан путем анализа структуры затрат на здравоохранение Алматинской области, как они формируются и изменились по сравнению с другими областями, и обеспечения доступности медицинской помощи. Актуальность исследования заключается в том, что благодаря эффективному финансированию, несомненно, удастся решить многие проблемы населения и значительно улучшить качество жизни людей. В ходе исследования были изучены показатели за последние 3 года, то есть с 2018 по 2020 годы. В результате исследования были изложены пути совершенствования финансирования здравоохранения Алматинской области.

Ключевые слова: здравоохранение, доходы, расходы, внутренний аудит, бюджет, медицина, за рубежом, управление, управление, финансы, департамент, денежные средства.

Annotation. The purpose of the article is to improve the level of health of citizens by analyzing the structure of healthcare costs in the Almaty region, how they are formed and have changed in comparison with other areas, and ensuring the availability of medical care. The relevance of the study lies in the fact that thanks to effective financing, it will undoubtedly be possible to solve many problems of the population and significantly improve the quality of life of people. The study examined the indicators for the last 3 years, that is, from 2018 to 2020. As a result of the study, ways to improve the financing of healthcare in the Almaty region were outlined.

Keywords: healthcare, income, expenses, internal audit, budget, medicine, abroad, management, management, finance, department, cash.

Денсаулық сақтау - азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған медициналық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге де шаралар жиынтығы. Алматы облысының денсаулық сақтауға бөлінген шығындары маңызды рөл атқарады, себебі оның міндеті – халыққа қолжетімді көмек көрсетілуін қамтамасыз ету.


«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ тұрғындарды медициналық қызметпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік басқару қызметіне және облыстың денсаулық сақтау жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының бірі болып табылады.

Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметімен қолданыстағы заңнама негізінде бірнеше бағыттарда жұмыстар жүргізілуде, атап айтсақ: 2020 жылы 21 аудиторлық іс-шара жүргізіліп, оның ішінде 19-аудиторлық іс-шара мемлекеттік аудит тізбесі бойынша, 2-аудиторлық іс-шара жоспардан тыс аудиті орын алды. Жүргізілген аудиторлық іс-шара бойынша жалпы 3 667 905,0 мың тенге бюджет қаражаты мемлекеттік аудитпен қамтылып. Аудит нәтижесі

бойынша барлығы – 1 175 758,2 мың тенге бұзушылықтар анықталған, оның ішінде: рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасы - 1 009 336,4 мың тенге, қаржылық бұзушылықтар сомасы - 166 421,8 мың тенге, оның ішінде: бюджетке өтеуге жататыны – 156 145,6 мың тенге, қалпына келтіруге жататыны 10 276,2 мың тенге, осыдан бюджетке өтелгені 810,6 мың тенге, қалпына келтірілгені 10 276,2 мың тенге. 155 335,0 мың тенгенің қаржылық бұзушылықтары бойынша процессуалдық дұрыс шешім қабылдау үшін құқық қорғау органына берілген.

Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметімен 2021 жылдың 1 тоқсанында 2 аудиторлық іс-шара жүргізіліп, барлығы 155 028,4 мың тенге бюджет қаражаты мемлекеттік аудитпен қамтылып. Аудит нәтижесі бойынша барлығы – 28 420,3 мың тенге бұзушылықтар анықталған, оның ішінде: рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасы – 28367,4 мың тенге, қаржылық бұзушылықтар сомасы – 52,9 мың тенге, оның ішінде: бюджетке өтеуге жататыны – 52,9 мың тенге.

Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметінің жұмысын үйлестіру барысында ішкі аудит қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық көмектер және ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын сақтауы бойынша техникалық сабақтар тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында, департаменттің 2021 жылға арналған мемлекеттік аудит тізбесіне сәйкес, қаржылық есептілікке аудитін жүргізуге ішкі аудит қызметкерлерін қатыстыру жоспарланған.



Сурет 1. Алматы облысының 2020 жылы денсаулық сақтау мекемелерінің құрылымы, %

Алматы облысының 2020 жылы денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесінде 826 нысаны бар, оның ішінде 663 мемлекеттік мекемелер құрайды:

- 80 ауруханалық мекеме;
- 238 амбулаторлық-емханалық мекеме;
- 336 медициналық пункт;

- 2 туберкулезге қарсы балалар санаторийі;
- 2 Балалар үйі, 1 облыстық қан орталығы;
- 2 медициналық колледж (Талдықорған және Талғар қалаларында);
- 1 қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы;
- 1 РЭДСО-ның филиалы бар.

2020 жылы жалпы құрылысты салуға 4,2 млрд теңге бөлінді:

1. Талдықорған қаласында 200 төсек-орындық модульді инфекциялық аурухана

2. Көксу ауданының Айнабұлақ ауылында медициналық пункт салынды.

3. Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында әйелдер консультациясы бар 100 төсек-орынға арналған перзентхана, 10 дәрігерлік амбулатория салынды.

Коронавируспен күреске: жергілікті бюджеттен барлығы - 13,8 млрд теңге бөлінді, оның ішінде екінші толқынға дайындыққа - 8,8 млрд теңге жұмсалды.

- 17 компьютерлік томограф, 53 рентген аппараты, 606 ӨЖЖ аппараты жұмыс істейді

- Оттегі станцияларымен облыстың 17 ауруханасы қамтамасыз етілген.

- Осы мақсатқа жергілікті бюджеттен 818,2 млн теңге бөлінді.


1,5 млн бетперде, 0,5 млн жұп перчатка, 16,9 мың жиынтық бір реттік қорғану киімдері, стационар – 1,4 млрд теңгеге 204 атаулы, амбулатория – 73,7 млн теңгеге 5 атаулы дәрі-дәрмек. Тұрғындардың әлеуметтік осал топтары үшін жергілікті бюджет есебінен 92,1 млн теңгеге препараттар сатып алынды.

Кесте 1.

Алматы облысының денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығындары, мың тг

Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Денсаулық сақтау	15 421 727	14 886 276	13 859 016
Халықтың денсаулығын қорғау	5 664 224	6 371 821	5 328 907
Мамандандырылған медициналық көмек	3 932 776	3 545 256	3 535 243
Емханалар	345 798	338 070	354 585
Медициналық көмектің басқа түрлері	40 746	42 102	42 810
Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	5 438 183	4 589 027	4 597 471

Алматы облысының 2018-2020 жылдары денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығындарының көрсеткіштерінің үлестері 2-суретте зерттелді.




Сурет 2. Алматы облысының денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығындарының құрылымы(%)

2 суретте Алматы облысының денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығындарының ең жоғарғы үлесін халықтың денсаулығын қорғау саласы-37% алып отырса, ең төменгі үлесін емханалар-0,4% алып отыр.

Кесте 2. Алматы облысының денсаулық сақтау саласына 2018-2020 жылдары жұмсалған шығындары, мың тг

Көрсеткіштер	2018	2019	2020	Ауытқу (2018/2019)	Ауытқу (2019/2020)
<i>Жалпы шығын мөлшері</i>	344 053 065	298 042 777	329 485 874	-46 010 288	31 443 097
Денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығындар	15 421 727	14 886 276	13 859 016	-535 451	-1 027 260

Алматы облысының денсаулық сақтау саласына 2018-2020 жылдары жұмсалған шығындарының құрылымын 3-ші диаграммада көре аламыз.



Сурет 3. Алматы облысының денсаулық сақтау саласына 2018-2020 жылдары жұмсалған шығындарының құрылымы, мың теңге


ҚР-да бірыңғай жинақтаушы қоры құрылуына байланысты, Алматы облысының денсаулық сақтау саласында 2018-2020 жылдары жұмсалған шығындарының 3 жылда 11,2%-ға төмендегенін көре аламыз.

Кесте 3.

2020 жылға арналған Алматы облысының денсаулық сақтау шығындары, мың тг

Атауы	Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет	Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет	Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет
Денсаулық сақтау	13 522 609,0	32 346 193,0	33 388 718,6
Халықтың денсаулығын қорғау	5 096 751,0	15 537 854,0	15 451 022,0
Мамандандырылған медициналық көмек	4 219 988,0	4 960 126,0	3 922 676,0
Медициналық көмектің басқа түрлер	61 653,0	56 920,0	56 827,0
Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	3 748 269,0	11 688 589,0	13 855 489,6

2020 жылға арналған Алматы облысының денсаулық сақтау шығындарының бекітілген, нақтыланған және түзетілген бюджеттің ауытқуын келесі диаграммадан көре аламыз.



Сурет 4. 2020 жылға арналған Алматы облысының денсаулық сақтау шығындарының құрылымы, мың теңге

Алматы облысының денсаулық сақтау шығындарының 2020 жылы бекітілген бюджеттен, түзетілуге 19 866 109,6 теңгеге өсіп кеткенін анықтадық. Алматы облысының денсаулық сақтау саласын зерттей келе, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, үш негізгі модельді ұсынамыз.



Сурет 5. Шет елдердің денсаулық сақтау жүйелерінің негізгі модельдері

Жетекші елдердің денсаулық сақтау жүйелерін үш негізгі модельге сәйкес жіктелуін зерттей келе, Алматы облысының денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бірнеше ұсыныстар ұсынамыз:

- 1) бюджеттен бөлінетін қаражаттардың бөліну ретін қалыптастыру;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеу;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыру;
- 4) денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жағынан жарақтандыру;
- 5) медицина және фармацевтика кадрларын даярлауға, олардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау;
- 6) медициналық көмекке қойылатын тарифтердің әдісін жетілдіру;
- 7) медициналық қызмет көрсету нарығында бәсекелестікті қалыптастыру.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды жетілдіру келесідей мүмкіндіктерді береді:

Бір жағынан әлеуметтік және экономикалық ұйымдастыру проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, ал екінші жағынан халықтың денсаулық көрсеткішіне оң әсерін тигізе отырып адамдық капиталды жоғарылатады. Адамдық капиталдың жоғарылығы экономикалық қызмет етуші тұлғаның өнімділігін жоғарылатады. Бұл өз кезегінде жалпы ішкі өнімнің артуына әкеліп, ел экономикасында өсу болады. Экономикалық өсу жалақыны жоғарылатады. Жоғарғы жалақы тауар мен қызметке сұранысты арттырады. Сонымен қоса адамдық капиталдың жоғары болуы еңбекке жарамды халдық санын арттырып, сәйкесінше еңбекке жарамсыз халық санын азайтады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқығын және бостандығын ең жоғары құндылығы, ал оның құқығын және бостандығын құрметтеу, қорғау және сақтау – мемлекеттің міндеті деп жариялады.

Әр азаматтың негізгі құқықтарының бірі тәрбие және білім алу, денсаулығын қорғау және медициналық көмекке құқығы.

Біз, Алматы облысының денсаулық сақтау шығындарын зерттей келе, Алматы облысының басқа облыстарға қарағанда деңгейі біршама

көтерілгендігіне көз жеткіздік. Облысқа бөлінетін қаражаттарды тиімді әрі ҚР заңдарына сәйкес жүргізіп, қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағаладық.

Алматы облысында халықтың физикалық және рухани-имандылық денсаулығын, оның экологиялық және санитарлы-эпидемиологиялық ырыс-берекесін, дене шынықтыру және спортты дамытуын, лайықты өмір салтын қалыптастыру қамтамасыз етуіне көп шаралар жүргізуде. Ұлттың денсаулығы қолайлы медициналық қызметтердің, дене шынықтыру мен әуесқойлық спорттың кең таралуының, салауатты өмір салты және дұрыс тамақтанудың, зиянды әдеттерді жою, экологиялық таза және күтілген орталығын жасау, елдің әр түкпірінде қауіпсіз және жасампаз өмір сүру мүмкіндігінің көмегімен қалыптасады және қолдау алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алматы облысының әкімдігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu/search/2?contentType=news%2Carticle%2Cdocuments%2Ccurators&lang=kk&searchText=аудит&slug=zhetysu>

2. Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасының ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-densauyk?lang=kk>

3. «Алматы облысының 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 26-128 шешімі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V17D0004452>

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=kk>

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Дагылова А.Е.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: adagilova@inbox.ru